

М.Б. Сыздыкова*, Ж.О. Әбікенов

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: syzdykova.makhpal@mail.ru*, abikenovkz@mail.ru)

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды философиялық талдау

Мақалада Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарының құндылық бағдарларының интерференциясы, яғни өзара әрекеттесу және ықпалдасу мәселелері кеңінен талданған. Бұл процестердің қоғамдағы әлеуметтік және мәдени тұрақтылықты сақтаудағы маңызы, олардың үйлесімділігін қамтамасыз етудің философиялық негіздері қарастырылған. Зерттеу барысында философиялық және әлеуметтік әдістер кешенді түрде пайдаланылды. Сонымен қатар, «құндылық» мәніне түсіндірме жасалып, философиялық тәсілдер арқылы анықталды. Құндылық — бұл тек абстрактілі ұғым емес, ол қоғамның мәдени негізін және жеке адамның рухани болмысын анықтайтын негізгі категориялардың бірі. Ол тарихи және мәдени тұрғыдан өзгеріп, қоғамның дамуымен бірге жаңа мазмұн алады. Осы тұрғыда, Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарының қазіргі қоғамдағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардағы қажеттіліктерін талдау қажеттілігін байқадық. Сондықтан, құндылықтар жүйесінің қазіргі қоғамға сай үйлесімділігін анықтау міндеті қойылды. Бұл азаматтардың дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, инновациялық құндылықтарды қабылдауына мүмкіндік береді. Мұндай тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін, біріншіден, дәстүрлі құндылықтардың терең мағынасын түсіну, екіншіден, азаматтардың сыни ойлауын дамыту маңызды деп ойлаймыз. Себебі, сыни ойлау қоғамдағы толассыз ақпаратты талдауы, оған дұрыс баға беруі, негізделген шешімдер қабылдауы және өзінің мінез-құлқын моральдық және жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес құруына көмектеседі. Бұл қоғамның тұрақтылығы мен дамуына және жалпыадамзаттық мораль қағидаттарын нығайтуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері құндылықтардың трансформациясын философиялық тұрғыдан түсінудің маңыздылығын көрсетті. Дәстүрлі құндылықтардың тұрақтылық пен мәдени тұтастықты сақтаудағы рөлі екені анықталып, үйлесімді диалогта дамуы бағыттары нақтыланды. Қоғамның философиялық және мәдени тұрғыдан өзін-өзі тануын тереңдетіп, рухани және инновациялық құндылықтардың теңгерімін табуға бағытталған маңызды тұжырымдар жасалады.

Кілт сөздер: құндылықтар, дәстүрлер, дәстүрлі құндылықтар, инновациялық құндылықтар, ақпараттық қоғам, ақпарат, виртуалды кеңістік, құндылықтар интерференциясы, жас ұрпақ.

Кіріспе

Гуманитарлық ғылымдардағы құндылықтар, әсіресе дәстүрлі мәселелерге деген қызығушылық, адамзат қоғамының дамуында әрқашан басымдық ала бермейді, бірақ әр дәуірдің ерекшеліктеріне сай өзгереді. Құндылықтарға деген аксиологиялық талдау адамзат тарихының бетбұрыс және дағдарыстық кезеңдерінде күшейіп, қоғамдағы өзгерістер мен дағдарыстарды түсіну үшін философиялық тұрғыдан қайта қарауды талап етеді. Бүгінгі күні дәл осындай өтпелі күйде тұрған қоғам жаһандану және цифрландыру үдерістерін бастан өткеруде.

Философиялық тұрғыдан алғанда, қоғамда болып жатқан өзгерістер тек әлеуметтік құрылымдар мен экономикалық жүйелерге ғана емес, адамның рухани әлеміне, оның құндылықтық бағдарлары мен қатынастарына да әсер етеді. Жаһандану үдерісі жеке тұлғаның құндылық қатынастарының қалыптасуына терең ықпал етіп, адам өмірінің әлеуметтік және рухани негіздерін қайта қарауға мәжбүрлейді. Бұл үдеріс әлемнің көптеген елдерінде әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени өзгерістерге әкеліп, жаңа құндылықтар мен нормаларды қалыптастырады.

Қазіргі қоғамның ерекшелігі — ақпараттық және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жаңа әлеуметтік-мәдени және экономикалық парадигмаларды өмірге енгізуде. Олар инновациялық құндылықтарды, соның ішінде ақпарат, білім, зияткерлік капитал және виртуалды шындық секілді жаңа ұғымдарды қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл үдерістер дәстүрлі құндылықтар мен өмір нормаларын қайта қарауды талап етіп, олардың заманауи әлеуметтік-мәдени контексте орнын айқындауға ұмтылады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: syzdykova.makhpal@mail.ru

Философия тұрғысынан, бұл процестер тек жаңа құндылықтардың пайда болуын ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың арасындағы өзара әрекеттің үйлесімділігін іздеуді қажет етеді. Қоғамның жаңа парадигмаға көшуі құндылық жүйелерінің трансформациясы арқылы іске асады, бұл өз кезегінде адамның моральдық, мәдени және рухани дамуының жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Қазіргі қоғамның динамикалық болмысы дәстүрлі құндылықтар мен жаңа инновациялық құндылықтардың арасындағы терең философиялық диалогты талап етеді. Әсіресе, жастардың құндылық бағдарлары цифрландыру мен әлеуметтік шындықтың виртуалдануының ықпалымен түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Дәстүрлі құндылықтарға күмәнмен қарау және жаңа, инновациялық құндылықтарға ерекше назар аудару — ақпараттық қоғамның айқын көрінісі. Бұл үдерістер жеке тұлғаның құндылықтық болмысын қалыптастырудың жаңа міндеттерін тудырады.

Философиялық тұрғыдан алғанда, мұндай жағдай адамның өмір сүруінің негізгі бағыттарын қайта қарауды қажет етеді. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеті кейде үйлесімділікке әкелсе, кейде түсініспеушілік пен қақтығыс тудырады. Бұл қазіргі жас ұрпақтың құндылықтық бағдарларын қалыптастыру мәселесін өзекті етеді, өйткені құндылықтар тек қоғамның ғана емес, жеке тұлғаның да өмірін бағыттаушы негіз болып табылады [1; 23].

Цифрландыру дәуірінде жеке тұлғаның құндылықтарын қайта ойластыру мәселесі ерекше маңызға ие. Бұл дәстүрлі құндылықтардың мәні мен олардың қазіргі әлемдегі орнын түсінуден басталады. Дәстүрлі құндылықтар — қоғамның тұрақтылығы мен рухани байлығының негізі, ал инновациялық құндылықтар — жаһандық және технологиялық өзгерістерге жауап ретінде қалыптасқан жаңа бағыттар. Олардың үйлесімділігін іздеу жеке тұлғаның болмысындағы тұрақтылық пен бейімделгіштіктің тепе-теңдігін қамтамасыз етудің философиялық міндеті.

Демек, қазіргі ақпараттық қоғамдағы құндылықтардың қалыптасуы мен олардың өзара әрекетін философиялық тұрғыдан түсіну — жеке тұлғаның рухани, мәдени және моральдық дамуы үшін маңызды қадам. Бұл үдеріс тек өткеннің мұраларын сақтауды ғана емес, сонымен бірге жаңа әлемдік парадигманың құндылықтарын қабылдаудың да негіздерін анықтауды қажет етеді [2; 53].

Осы зерттеу аясында біз «құндылық» санатының философиялық мәнін ашып, оның адамның дүниетанымы мен болмысындағы ерекшелігін анықтаймыз. Сонымен қатар, қалыптасқан дәстүрлі құндылықтардың мазмұнын талдап, олардың тұрақтылық пен қоғамның мәдени тұтастығын сақтаудағы рөлін түсіндіреміз. Қазіргі цифрлық әлемнің инновациялық құндылықтарын бөліп көрсете отырып, олардың жаһандану мен технологиялық даму нәтижесінде пайда болған жаңа құндылық бағдарларды қалай қалыптастыратынын қарастырамыз.

Мақалада дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың интерференциясы, яғни өзара әрекеттесу және ықпалдасу мәселелері кеңінен талданады. Бұл процестердің қоғамдағы әлеуметтік және мәдени тұрақтылықты сақтау үшін маңызы зор екені анықталып, олардың үйлесімділігін қамтамасыз етудің философиялық негіздері қарастырылады.

Теория

«Құндылық» ұғымы философия бағытында отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде терең талданған. Бұл категорияның мәні дәуірлердің ерекшелігіне, философиялық тәсілдерге және ойлау жүйелеріне байланысты әртүрлі түсіндірілген.

Лотц «құндылық» ұғымын моральдық нормалар мен өмірдің мәні ұғымдарының контекстінде алғаш енгізген философтардың бірі. Ол ежелгі түсініктерден бастап, адам мен құндылық объектілерінің арасындағы қатынасты, сондай-ақ моральдық мінез-құлықты реттейтін нормаларды білдіретін кең ауқымды тұжырымдаманы қалыптастырды [3; 10].

Философиядағы «құндылық» санатының мәнін талдағанда, бұл түсінік түрлі философиялық бағыттарда әртүрлі көзқарастармен қарастырылғанын көруге болады. Әсіресе, бұл ұғымның әлеуметтік және жеке тұлға деңгейіндегі көріністерін зерттеу кезінде құндылықтың әртүрлі аспектілеріне қатысты нақты философиялық тәсілдер мен әлеуметтанулық әдістер маңызды рөл атқарады. Көптеген зерттеушілер құндылықтарды жеке тұлғаның санасы мен әлеуметтік өзара әрекеттесуінде көрініс табатын маңызды факторлар ретінде қарастырады, себебі олар адамның мінез-құлқын, шешімдерін және әлеуметтік қатынастарын анықтайды [4; 100].

Бұл көзқарастар философиялық бағыттарда «құндылық» ұғымының кең ауқымды және көпқырлы мағынасын көрсетеді, оның мәні тек жеке адамның емес, сонымен қатар қоғам мен мәдениеттің қалыптасуындағы маңызды рөлін анықтайды.

Мысалы, философ С.Е. Нұрмұратов: «Құндылықтар адам өмірінің мәнділігін, бағыт бағдарын анықтаушы рухани күш ретінде қала бермек» дей келе, былай деп тұжырым жасайды: «руханилық орныға бастаған қоғамда құндылықтар әлемі өзінің нағыз шынайы бейнесінде, өз формасында болмысын көрсетеді және адам үшін қызмет етеді, жеке тұлғаны бұл өмірде бақыттылыққа жеткізеді» деп түсіндіреді [4; 178].

Адам тек нақты әлемде ғана емес, виртуалды әлемде де әлеуметтенетін жағдайда құндылық категориясын түсіну үшін П.С. Гуревичтің осы терминді түсіндіруі өзекті болып саналады: «құндылық мәдениеттің адами өлшемін, яғни адам болмысының, формаларына деген көзқарасты білдіреді. Ол адамның ақыл-ойына, сезіміне және еркіне, рухани бейінін алға тартады. Сонымен, құндылық тек саналы ғана емес, сонымен қатар өмірлік, экзистенциалды сезімтал болмыс. Ол қоғамдық сананың адами өлшемін сипаттайды» [5; 223]. Құндылықтың бұл анықтамасы диалектикалық өзара тәуелділікті, адамның өзара әрекеттесуін және ішкі болмысын және біздің ойымызша, әлемді нақты және виртуалды қабылдауды қарастырады.

Философиялық тұрғыдан алғанда, дәстүрлі құндылықтарға жүгіну — қоғамның рухани және мәдени іргетасын сақтаудың негізі. Дәстүрлі құндылықтар тек қоғамның тұрақтылығы мен тәртібін қамтамасыз ететін құрал ғана емес, сонымен қатар адамның болмысының мәнін айқындайтын және оны тарихи-мәдени контексте түсінуге мүмкіндік беретін терең аксиологиялық негіз болып саналады. Бұл мәселе қазіргі жаһандану мен цифрландыру жағдайында ерекше маңызға ие, себебі жаһандану үдерістері ұлттық ерекшеліктер мен мәдени дәстүрлерді елемей, оларды ортақ әмбебап құндылықтарға ауыстыруды көздейді [6; 145].

Батыс өркениетінің әмбебап құндылықтары ретінде ұсынылатын идеалдар жаһанданудың идеологиялық негізіне айналғанымен, бұл құндылықтар ұлттық мәдениеттердің көптүрлілігін, олардың тарихи және әлеуметтік ерекшеліктерін ескермейді. Мұндай біржақты ұстаным түрлі халықтардың дәстүрлі құндылықтарына деген құрметтің төмендеуіне, олардың өзіндік ерекшеліктерін жоғалтуына және ұлттық мәдениеттердің бірегейлігін әлсіретуге әкелуі мүмкін.

Бұл тұрғыда дәстүрлі құндылықтарды қайта бағалау және олардың Қазақстанның қазіргі жағдайы мен болашағындағы рөлін түсіну маңызды философиялық міндет. Дәстүрлі құндылықтар — тарихи сананың, ұрпақтар сабақтастығының және мәдени тұтастықтың тірегі. Оларды сақтау және насихаттау жаһандық деңгейде өркениеттік тепе-теңдікті қамтамасыз етудің құралы бола алады [7; 127].

Әлемді біртұтас Батыс моделі бойынша қалыптастыру талпыныстары жаһандық мәдени бірегейлікке қауіп төндіріп қана қоймай, адамның экзистенциалдық мәнін ұмытуға итермелейді. Сондықтан Қазақстанда дәстүрлі құндылықтарды қолдау, олардың өмір сүру тетіктерін нығайту және оларды ұлттық санада қайта жаңғырту — қазіргі философияның маңызды міндеті. Бұл үрдіс тек ұлттық мәдениетті сақтаумен шектелмейді, сонымен қатар жаһандану мен цифрландырудың терең қайшылықтарына қарсы тұруға бағытталған рухани және аксиологиялық стратегияны білдіреді.

Демек, дәстүрлі құндылықтарды қолдау мен насихаттау — мәдениетаралық үйлесімділікті қамтамасыз етудің, жаһандану қауіптеріне қарсы тұрудың және ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтаудың іргелі жолы.

Дәстүрлі құндылықтарға сүйену туралы мәселені айтқанда, қандай құндылықтарды дәстүрлі деп санауға болатындығын түсіну маңызды. Ғылыми әдебиеттерді талдау құндылықтардың күрделі табиғаты, оны түсіндірудің әртүрлі тәсілдері олардың жіктелуінің әртүрлілігін анықтайды, оларды екі топқа бөлуге болады: мазмұнды және иерархиялық. Бұл дәстүрлі құндылықтардың типологиясы кең таралды [8; 14].

Зерттеушілер қазіргі заманғы қазақстандық білім беру тәжірибесі дәстүрлі құндылықтарды түсінуді қажет ететіндігін атап өтті. Оларды тізімдеумен шектелмеу керек, олардың мәні, құндылықтар жүйесіндегі орны, сыртқы ортаның шарттылығы, олардың байланыстары мен өзара тәуелділігін анықтау, сондай-ақ қазақ және басқа ұлттық топтарда дәстүрлі құндылықтардың қалыптасу ерекшеліктерін анықтау маңызды.

Философиялық тұрғыдан дәстүр категориясы қоғам мен жеке тұлғаның қалыптасуындағы терең аксиологиялық негізді көрсетеді. Дәстүрлер — уақыт пен кеңістіктің шекарасынан асып түсетін, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін және ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықты нығайтатын мәдени феномен. Алайда, дәстүрдің қоғамдағы рөлі қарапайым сақтаушы функциямен шектелмейді. Ол өзгермелі әлем жағдайында әлеуметтік тұрақтылық пен тұтастықты қамтамасыз

етумен қатар, тұлғаның шығармашылық және инновациялық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді [9; 8].

Дәстүрлердің динамикалық табиғаты олардың бір мезгілде тұрақтылық пен өзгерістерді қамтамасыз ете алатындығында. Өткен ұрпақтардың құндылықтарымен қалыптасқан дәстүрлер кейінгі ұрпақ үшін әрдайым өзекті бола бермеуі мүмкін. Бірақ олар ұжымдық бейсаналықтың тереңінде сақталып, әлеуметтік тәжірибенің тұрақты элементтерін қамтамасыз етеді. Бұл ұжымдық бейсаналық — қоғамның өзіндік рухани негізі, оның мәдени тұтастығын сақтай отырып, жаңа жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді [10; 45].

Қазіргі заманда ақпараттық қоғам мен жаһандану дәуірі дәстүрлердің жаңа сипат алуына ықпал етті [11; 55]. Ақпараттық мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын дәстүрлі құндылықтар жаңа ұрпаққа мұра ретінде берілгенімен, бұл ұрпақ оларды қайта ойлап, өз тәжірибесіне сай қайта бейімдеуге мәжбүр. Жас ұрпақ дәстүрлер мен жанашылдықтың арасындағы күрделі таңдау алдында тұрады: олар дәстүрді не толық қабылдап, не ішінара бейімдеп, не мүлдем жоққа шығара алады. Бұл процесс ұрпақтар сабақтастығының үзілу қаупін тудырады, бірақ сонымен бірге қоғамның бейімделу қабілетін арттыру мүмкіндігін береді.

Батыс елдерінен келген жаңа дәстүрлердің қазіргі қазақ қоғамына әсері — философиялық тұрғыдан ерекше назар аударуға тұрарлық мәселе. Батыстық мәдениет пен жаһанданудың ықпалы салт-дәстүрге берік қазақ халқының өмір салтын өзгеріске ұшыратуда. Бұл үрдіс бір жағынан қазақ дәстүрлерінің өміршеңдігін сынайтын тарихи сынақ болса, екінші жағынан, ұлттық құндылықтардың жанаша бейімделуі мен жаңғыруының мүмкіндігі [12; 24].

Демек, дәстүрлерге философиялық талдау олардың статикалық емес, үнемі өзгеріп, дамып отыратын құбылыс екенін көрсетеді. Бұл өзгерістер қоғамның әлеуметтік-мәдени динамикасының қажетті бөлігі ретінде қарастырылады. Дәстүр мен жанашылдық арасындағы күрделі қарым-қатынасты түсіну — мәдени тұтастықты сақтай отырып, болашақтың қажеттіліктеріне жауап беретін рухани бағдарларды табудың негізі.

Дәстүрлі құндылықтардың мәнін түсіну ғалымдардың келесі тұжырымдарында қысқаша ұсынылған. Сонымен, В.С. Малахов мәдениеттің дәстүрлі құндылықтарын бірге өмір сүретін және дағдылардың, рәсімдердің, әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің, өзін-өзі реттеу әдістерінің, мінез-құлық үлгілерінің жалпы жиынтығын дамытқан адамдарға тән құндылықтар ретінде сипаттайды.

Ғылыми зерттеулерде дәстүрлі құндылықтар «негізгі мәдени құндылықтар», «тұрақты, позитивті, материалдық емес этикалық категориялар» ұғымымен байланысты, олар қазақ қоғамында жалпыға бірдей танылған және қабылданған мәртебеге ие [13; 124]. Қалыптасқан мәдениет біртұтас жүйесі түрінде көрінеді және әлеуметтік-тарихи әмбебаптық қасиеттері бар. Қоғамның мәдени бірегейлігі мен егемендігін, халықтың ұлттық рухы мен сипатының этикалық өзегін, оның өзіндік ерекшелігін, өміршеңдігі мен даму әлеуетін қалыптастыратын; қоғамдық өмірдің үздіксіздігін, ұжымдық әлеуметтік бірлікті, жеке тұлғаның ұжымдық және жеке моральдық жетілдірілуін, мәдени-тарихи әлеуметтік жадының бірлігін қамтамасыз ететін ұғым [14; 98].

Дәстүрлі құндылықтар жеткілікті консервативті болғанына қарамастан, жоғарыда айтылғандай, бұл олардың технократиялық сипаттағы қоғамдағы жаһандық өзгерістерге, атап айтқанда қазіргі заманғы технологиялардың пайда болуына, цифрландыру процестеріне байланысты жағдайларда өзгеруіне елеулі кедергі емес. Ақпараттық технологиялардың дамуымен адамзат өзінің өмір сүруінің жаңа шындығына енгені белгілі, бұл технология мен ғылымның құндылық бағдарларына әсері мәселесінің маңыздылығын, яғни, ақпараттық қоғамдағы адамның шындыққа құндылық қатынасын көрсетеді. Ақпараттандыруға байланысты, біздің санамызға қарамастан, адам өміріне әсер ететін жаңа құбылыстар пайда болады. Ақпараттық технологиялар әлі де құрал екенін ескере отырып, бұл құралдар қандай моральдық жүктемені, қандай құндылықтарды таратады деген сұрақ туындайды.

Әдістері

Зерттеуде философиялық және әлеуметтік зерттеу әдістері кешенді түрде пайдаланылып, құндылықтар жүйесін жан-жақты талданды. Философиялық зерттеу әдістері құндылықтар мәнін, олардың тарихи және мәдени контекстегі интерпретациясын және болмысын ашуға мүмкіндік берсе, онлайн сауалнама алу нақты деректерді жинауға бағытталып, әлеуметтік үдерістерді түсінуді толықтырды.

Құндылықтардың мәнін, олардың тарихи және мәдени контекстегі интерпретациясын терең түсіну үшін герменевтикалық әдіс, құндылықтарды жеке тұлғаның тәжірибесі мен санасындағы олардың көрінісі тұрғысынан зерттеу үшін феноменологиялық әдіс пайдаланылды.

Зерттеуде диалектикалық және аксиологиялық әдістерді пайдалану дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы өзара әрекеттестікті терең түсінуге, сондай-ақ құндылықтардың динамикасы мен олардың жеке тұлға және қоғам өміріндегі рөлін талдауға мүмкіндік берді. Бұл әдістердің үйлесімділігі зерттеу тақырыбына жан-жақты және кешенді көзқарас қалыптастырды.

Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарынан Google Forms (n = 1999) платформасында 597 адамға онлайн-сауалнама жүргізілді. Сауалнамада Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының дәстүрлі қазақ мәдениетінің жаһандану жағдайындағы өзгеру динамикасын, қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайындағы тұлғаның өзін-өзі анықтауы және отбасылық құндылықтар жүйесінің экономикалық маңызын және ұлттық психологияда әлі сақталған кері әдеттердің анықталуын бағалау бойынша сұрақтар қамтылды.

Сауалнама нәтижелері Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарының дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі құндылықтардың жаһандану жағдайындағы өзгеріс динамикасын анықтап, қазіргі әлеуметтік-мәдени ахуалда жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау ерекшеліктерін айқындады. Сонымен қатар, отбасылық құндылықтар жүйесінің экономикалық маңызы мен ұлттық психологияда әлі де сақталған кері әсер етуші әдеттердің ықпалы бағаланды.

Талдау

Құндылық — бұл объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін әлеуметтік-танымдық ұғым. Ол адамның әлемді тану, бағалау және әрекет арқылы өзіндік ұстанымын қалыптастыруымен тығыз байланысты. Құндылықтар тек материалдық әлемді ғана емес, сонымен қатар рухани болмысты, адамгершілік қағидаларын, қоғамдағы басқару нормалары мен әлеуметтік қатынастарды қамтиды.

Ұлттың рухани болмысы оның өзіндік құндылықтар жүйесінен тұрады. Бұл жүйеге тіл, діл, дін, өнер, білім мен ғылым, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, еңбекке деген қатынас және қоғамның жеке мүшелерінің жауапкершілігі мен өзіндік бағалаулары кіреді. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық рух пен намысты сақтау үшін азат ой, болашаққа деген сенім, ұлттық мүдде, ынтымақтастық және бәсекеге қабілеттілік сияқты сапалар аса маңызды. Ұлттық құндылықтарды қорғау, дамыту және насихаттау осы қасиеттердің үйлесімінде ғана жүзеге асады.

Сонымен қатар, құндылықтардың қалыптасуы мен таралуында бұқаралық ақпарат құралдарының, мерзімді баспасөздің, әлеуметтік желілер мен мультимедиялық платформалардың рөлі зор. Олар қоғамда құндылықтарды сақтау мен насихаттаудың қуатты құралына айналды.

Дәстүрге ықпал етуші факторларға салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарға негізделген тәртіп пен іс-әрекеттер, этикалық нормалар және әлеуметтік қатынас түрлері жатады. Олар қоғамда реттеуші, үйлестіруші рөл атқара отырып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Ал инновацияның ықпалы мәдени индустрия, тұтынушылық мәдениет, гаджет мәдениеті, медиа-мәдениет, урбанизация, шоу-бизнес, мультимедиялық платформалар және жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы жүзеге асады. Бұл факторлар заманауи құндылықтарды қалыптастырып қана қоймай, дәстүрлерге жаңа мазмұн мен форма береді.

Құндылықтардың сақталуы мен жаңғыруы дәстүр мен инновацияның өзара ықпалы арқылы жүзеге асады. Дәстүрлі құндылықтардың тұрақтылығы мен инновациялық мәдениеттің икемділігі үйлесім тапқан жағдайда ғана ұлттық болмысты сақтап, жаһандану үрдісіне бейімделген қоғам қалыптастыруға болады.

Осы зерттеу аясында оңтүстік өңір тұрғындары арасында онлайн сауалнама жүргізіліп, бұл болжамды нақтылау мақсат етілді. Сауалнама нәтижелері аймақ тұрғындарының құндылықтық бағдарлары мен әлеуметтік пікірлерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, зерттеу шеңберінде қойылған сұрақтарға жауап табуға септігін тигізді. Сауалнамаға қатысушы респонденттердің жалпы дәстүрлі құндылықтар деген ұғымды қалай түсінетіндіктерін анықтауға тырыстық.

«Дәстүрлі құндылықтар дегеніміз не?» деген сұраққа (Жетісу облысы, Қызылорда — 25 %, Алматы мен Шымкент қалалары 21 %, Алматы, Түркістан облыстары — 20 %) басым бөлігі, яғни сұралған респонденттердің 21 %-ы «салт-дәстүр», «үлкенді сыйлау, құрметтеу» және «ұлттық тәрбие» деп жауап берген. Сәйкесінше, бұл оңтүстік өңірлерде әлі де болса қазақы болмыстың сақталғандығын растай алады және дәстүрлі құндылықтың адам өміріндегі маңыздылығын көрсетеді.

«Отбасылық ұстаным», «Ана тілінде сөйлеу» сияқты факторларды респонденттердің 14 %-ы ғана атап өткен. Міне, осы жауаптардан еліміз тұрғындарының жалпы қоғамдық пікірі жаңа технология мен қазіргі өркениетті қоғамдағы либералды құндылықтардан гөрі «өмірдің дәстүрлі қисынына» көбірек мән беретінін байқалды.

«Үлкенді сыйлау, құрметтеу» дәстүрлі құндылық деп есептейтін респонденттердің 23 %-ы Жетісу облысының тұрғындары екендігі анықталды. Қызылорда облысының тұрғындары дәстүрлі құндылық ретінде «Үлкенді сыйлау, құрметтеу» (18 %), «Отбасылық ұстаным», (17 %), «Салт-дәстүрді» (25 %) қарайтыны анықталды. Жалпы дәстүрлі құндылықты салт дәстүрмен байланыстыру оңтүстік өңірлердің барлығына тән екендігін аңғаруға болады. Респонденттердің 1 %-ы дәстүрлі құндылық дегенді «Ұлттық идеяның жоқтығы», «Ұлттық дәстүрге тән қағидаттарды заман талабына икемдеу» сынды анықтамалармен түсіндіруге тырысқан.

Зерттеу барысында біз қоғамның құндылықтық бағдарларының өзгеру динамикасын анықтадық. Біздің байқағанымыз, қазақ халқының ұлттық психологиясындағы рухани байлыққа негізделген құндылықтар жастар арасында танымал болуда, бірақ қазіргі заманның цифрлық дәуірі мен виртуалды шындықтың әсері бұл құндылықтарды жаңа әрі кейде қарама-қайшы бағыттарда қалыптастырады. Ақпараттық қоғамда жаңа технологиялар мен виртуалды әлем құндылықтарды түбегейлі өзгертіп, оларды қайта бағалауға, кейде ауыстыруға әкелуде. Виртуалды кеңістік, әсіресе әлеуметтік желілер мен ақпараттық платформалар, нақты әлемнің құндылықтарын манипуляциялау арқылы жеке тұлғаның ойлауын әсер етеді. Бұл өзгерістердің ең маңызды көрінісі — жас ұрпақтың дәстүрлі рухани құндылықтардан ауытқуы, оның орнына жаһандық ақпараттық кеңістіктегі жаңа, бірақ кейде жалған құндылықтардың қалыптасуы.

Ақпараттың қазіргі қоғамдағы маңызды рөлін ескере отырып, оны жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени дамуында, сондай-ақ қоғамның өзара қарым-қатынасында негізгі фактор ретінде қарастыруға болады. Ақпарат қоғамның саяси, экономикалық, рухани және мәдени аспектілеріне тікелей әсер етіп, жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруда маңызды орын алады. Осылайша, ақпараттың өзі жаңа құндылық ретінде танылып, қоғамдық өзгерістердің қозғаушы күшіне айналады. Зерттеу нәтижелері осы үрдістің тереңдігін, әсіресе жастар арасында ақпараттық және виртуалды мәдениеттің әсерін анықтады.

«Дәстүрге енген жаңашылдықтың пайда болуына не себеп болды деп ойлайсыз?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі «Интернет» (27 %) деп, яғни 30 %-ы Жетісу облысы болса, одан кейінгі орындарда Жамбыл облысы (29 %), Шымкент қаласы (28 %), Түркістан, Қызылорда облыстары мен Алматы қаласы да осы ұстанымда екендерін білдірді. Яғни, интернеттің дәстүрдің бұрмалануына тигізетін әсері көп екендігін аңғаруға болады. Осы сияқты көрсеткіштер «Шетелдік телесериалдар» да (17 %) себеп екендігін аңғартады. Жамбыл облысы тұрғындарының 19 % дәстүрге еніп жатқан жаңашылдықтардың негізгі себептерінің бірі шетелдік сериалдар екендігін көрсеткен. Сондай-ақ, дәстүрге енген жаңашылдыққа Жетісу өңірі респонденттерінің 12 %-ы «Шетелде білім алып келгендер» деп есептейді. Дәстүрге енген жаңашылдықтардың пайда болуына сұралғандардың 1 %-ы «Ермелік» және т.б. өз нұсқаларын көрсеткен.

Қазіргі таңда әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің өзара тәуелділігі артып, жалпыға ортақ мәдени ережелері бір жүйеге тартылған. Бізде бұл интеграциядан тыс қала алмаймыз. Тек ғаламдастыру негізінде жергілікті ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктерді сақтай отырып, өзге мәдениеттен талғап-таңдап, керегін алып, әлемдік мәдениетте лайықты орны бар, біртұтас ұлттық ерекше мәдени кеңістік қалыптастыру керек.

Дәстүр мен жаңашылдық — жалпы сабақтастық пен жаңғыртуды, мұрагерлік пен қайта жасауды, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жобалар көзқарас түсініктер жатады.

Жаңашылдық — өткен өмірдің, кешегі күннің тәжірибесі мен жемістерінің ішінде мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талабына жауап беретін, бұрынғы-соңғының шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс-әрекеттер. Ол жалпы өркениеттің дамуына әсер етеді, осы жолда туып, орнығады. Сауалнама нәтижелері бойынша, дәстүрге енген жаңашылдықтардың пайда болуына интернет пен шетелдік телесериалдардың ықпалы айқын байқалады. Әсіресе, интернеттің дәстүрдің бұрмалануына әсері көп екендігі айқындалды, себебі жастардың көбісі дәстүрдің өзгеруін осы факторларға байланыстырған. Сонымен қатар, шетелде білім алған адамдар мен шетелдік мәдениетке әсер ету үрдісі дәстүрге енген жаңашылдықтарға себеп

болып отыр. Бұл үрдіс жаһандану жағдайында батыстық мәдениеттің ықпалының күшеюімен байланысты.

Жаһандану үдерісі әрбір ұлттың өзінің дәстүрлі құндылықтарын сақтай отырып, әлемдік мәдениетке интеграциялану қажеттілігін туындатады. Дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы байланыс, әсіресе қазақ қоғамында, өткеннің құндылықтарын сақтап, заман талабына сай жаңашылдықты қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл диалектикалық бірлік қазіргі уақытта ұлттың мәдени болмысын жаңғыртуға, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді жастар арасында насихаттауға үлкен рөл атқарады.

«Мынадай дәстүрге енген жаңашылдықтың қайсысы қажет деп ойлайсыз?» деген сұраққа зерттеу барысында респонденттерден қазіргі таңда қолданыстағы дәстүрлерге енген жаңашылдықтардың қажет не қажет еместігін анықтау мақсатында сұрап көрген болатынбыз. Нәтижесінде, респонденттердің 69 %-ы «Гендер пати» қажет емес деп көрсетті. Бұл жаңадан енген жаңашылдық қазақ қоғамында бұрындары құрсақ той деген дәстүріміз болатын. Аяғы ауыр әйелге тек отбасы болып емес, қоғам болып күтім жасаған. Туған–туыс, көршілерін шақырып келіннің аяғы ауыр екендігін хабарлау мақсатында құрсақ той жасайтын болған. Қазіргі таңда құрсақ тойымыздың орнын осы гендер пати басып отыр. Респонденттердің 20 %-ы бұл жаңашылдықты қажет емес десе, 11 %-ы жауап беруге қиналатынын білдірген. Қазіргі таңда трендке айналған жаңашылдықтың бірі «Түрлі-түсті кеш» (Цветная вечеринка). Сұралғандардың 26 %-ы қажет деп тапса, 65 %-ы қажет емес деп есептейді. Тек, 9 % респондент жауап беруге қиналған. Жаңашылдықтың бірі «Хеллоуинді» 21 % респондент қолдаса, 73 % респондент қажет емес деп тапқан. «Бал айын» 55 % респондент қажет десе, 35 %-ы қажет емес деп есептейді. Респонденттердің 10 %-ы жауап беруге қиналған. «Қыздың қолын сұрау», яғни тізерлеп сөз салуды сұралғандардың 27 %-ы керек емес десе, басым бөлігі, яғни, 64 %-ы қажет деп көрсеткен. «Hens party»-ді (девичник) 31 %-ы респондент қолдаса, 57 %-ы біздің дәстүрімізге жат екендігін көрсетіп отыр. Ал, 12 %-ы жауап беруге қиналатынын білдірген. Торт үрлеуді респонденттердің басым бөлігі (56 %) қолдамайтынын білдірген.

Әйелдің босануына күйеуінің серіктес болып қатысуын 61 % респондент қолдаса, 28 %-ы қолдамайтындарын айтқан. Хиджаб киіміне қатысты нұсқада 27 %-ы қажет деп есептесе, 55 %-ы бұл киімнің қазақ қоғамына жат екендігін көрсетіп отыр. Тек, 18 % респондент жауап беруге қиналатынын білдірген. Бұл сұрақ бойынша жалпы оңтүстік өңірдің тұрғындарының жаңадан енген дәстүрлерді аса қолдай бермейтіндіктерін аңғаруға болады. Оның негізгі себептерінің бірі салт-дәстүрді ұстанып өмір сүруі екенін білеміз.

Осы сауалнама нәтижелері дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы өзара әрекеттесуді, олардың арасындағы интеграция мен қақтығыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Біз ақпараттық өркениетке тән инновациялық құндылықтар мен зияткерлік капиталдың рөлін түсіндік. Ақпараттың өзі тек құндылық емес, сонымен қатар адамның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыратын негізгі ресурс. Мұнда, әсіресе, ақпараттық технологиялар мен виртуалды шындықтың дәстүрлі құндылықтар жүйесімен арақатынасы айқын көрінеді.

Инновациялық құндылықтардың кеңеюі дәстүрлі жүйеге кейде қайшы келіп, оларды басып тастауы мүмкін. Әсіресе, жаңа құндылықтар мен дәстүрлердің өзара әрекеттесуі барысында бір-біріне қарсы келетін жағдайлар орын алуы ықтимал. Бұл үрдіс дәстүрлі құндылықтардың өміршендігін әлсіретуі мүмкін, ал жаңа құндылықтар өздерінің маңыздылығын арттырады. Дегенмен, дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы қақтығыс — бұл қалыпты әлеуметтік процесс, ол әлеуметтік, мәдени және рухани салаларда тұрақтылықты сақтап, қоғамның дамуында жаңа синтездер туғызады.

Осылайша, ақпараттық қоғамның инновациялық құндылықтары мен дәстүрлі құндылықтардың өзара әрекеттесуі философиялық тұрғыдан қарағанда, екі әлемнің синтезі мен диалектикалық дамуының күрделі механизмін сипаттайды. Тек осы өзара іс-қимыл арқылы ғана қазіргі заманның сұраныстарына жауап беретін жаңа моральдық және мәдени құндылықтар пайда болуы мүмкін болып табылады [15; 134].

Диалектикалық тұрғыдан алғанда, қоғамдағы құндылықтар саласындағы қарама-қайшылықтар — бұл табиғи және қажетті құбылыс [16; 4]. Қайшылықтардың өзі қоғамның мәдени және әлеуметтік дамуындағы қозғаушы күш. Дәстүр мен жаңашылдық арасындағы қарама-қайшылықтар қоғамның тарихи және мәдени ерекшеліктерінен туындайды және олар дамудың объективті заңдылықтары ретінде қарастырылады. Бұл қайшылық тек оппозиция емес, керісінше, олардың өзара әрекеттесуінен жаңа сапалы деңгейлерге жетуге мүмкіндік беретін процесс.

Құндылықтардың өзара әрекеттесуі барысында олардың арасындағы қарама-қайшылықтар белгілі бір реттелген синтезге әкеледі. Бұл синтез жаңа мәдени және моральдық құндылықтардың пайда болуына негіз болады [17; 235].

Дәстүрлердің тұрақтылығы мен жаңашылдықтың динамикасы арасындағы теңгерім, өз кезегінде, қоғамның дамуын жаңа сатыға көтеріп, тұрақтылық пен прогрестің үйлесімділігін қамтамасыз етеді [18, 19]. Осы тұрғыда, қайшылықтарды шешу мен синтездеу процесі қоғамның мәдени және рухани жаңғыруының бөлігі ретінде көрінеді.

Себебі, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы қарама-қайшылықтар диалектикалық дамудың маңызды аспектісі. Бұл процесті дұрыс түсіну қоғамдағы құндылықтардың үйлесімділігі мен өзара байытуына ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл тепе-теңдік тұрақтылық пен прогрестің диалектикалық үйлесіміне жетудің негізі бола алады [19].

Виртуалды кеңістікті пайдалана отырып қойылған мәселені шешу виртуалды ортаны пайдаланушылардың құндылық бағдарларын, әлеуметтік желілерді, сайттарды, блогтарды ұстаушылар ұстанатын құндылықтарды бағалау проблемасымен ұштасады. Сондықтан мәселенің шешімін нақты моральдық заңдар мен дәстүрлі құндылықтардың қысымы мен құлдырауы жүзеге асырылатын ұсынылған ақпарат үшін жауапкершіліктің болмауымен виртуалды кеңістікті сатып алуға толық беруге болмайды. Сондықтан құндылықтарды қалыптастыру үшін виртуалды әсер жеткіліксіз, сонымен қатар субъектілердің, соның ішінде мінез-құлық деңгейіндегі нақты диалогтық өзара әрекеттесуі қажет. Виртуалды интернет кеңістігінде іс-әрекеттің мінез-құлық саласы жабық болады, ал құндылық идеялары когнитивті-эмоционалды салада болады. Сондықтан әлеуметтік шындықтағы құндылықтарды игеру процесі іс-әрекет пен мінез-құлық субъектілерін қамтуы маңызды.

Осыған байланысты күн тәртібінде субъектіні виртуалды кеңістікпен өзара іс-қимылға дайындау мәселесі тұр. Осылайша, екі құндылық жүйесінің диалогтық өзара әрекеттесуі рухани тұтастықты сақтап, қоғамның мәдени көптүрлілігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл процесс екі жақтың да бір-бірін толықтыруы мен байытуына, сондай-ақ жаңа құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Біздің ойымызша, аталған мәселені шешудің бұл процесіне, бір жағынан, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қазіргі заманға сай дәстүрлі құндылықтарды қолдау; екінші жағынан жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі анықтауға әкелетін моральдық негізделген инновациялық құндылықтарды игеру ықпал етеді. Уақытша виртуалды кеңістік адамның игілігі үшін көптеген жағымды мінез-құлық пен іс-әрекеттерді ұсына алады.

«Сіздің ойыңызша, жаһандану жағдайында дәстүрлі мәдениеттің болашағынан не күтесіз?» деген сұрақ бойынша, жаһандану жағдайында дәстүрлі мәдениеттің болашағынан не күтетінін анықтауға тырыстық. Сұралғандардың 26 %-ы «мәдениет институттары жаңа заман талаптарына сәйкес дамиды» деп ойласа, 23 %-ы «дәстүрлі мәдениетті сақтап қаламыз» деп есептейді. Респонденттердің 15 %-ы «дәстүрлі мәдениетті сақтай алмаймыз» деп көрсетіп отыр. Ал, респонденттердің 13 %-ы «гибридті мәдени формалардың пайда болуына әкеледі» деген нұсқаны таңдап отыр, бұл өз кезегінде өзекті мәселелердің бірі екендігін көрсетеді. Сұралғандардың 1 %-ы жаһандану жағдайында дәстүрлі мәдениеттің болашағынан кейбірі «Ештеңе күтпейтінін» атап өтсе, басқалары «Тәрбие» күтетінін көрсетіп отыр.

Бұл зерттеу нәтижелері қазіргі цифрлық қоғамның дәстүрлі құндылықтар жүйесіне тигізетін әсерін ашып көрсетеді. Ақпараттық және инновациялық процестер дәстүрлердің өзгеруіне, жаңа құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Осы өзгерістер, әсіресе, жас ұрпақтың құндылық бағдарлары мен әлемді қабылдауына елеулі әсерін тигізуде.

Философия бүгінгі таңда аса маңызды рөл атқарады, өйткені олар инновациялық құндылықтарды моральдық және дәстүрлі тұрғыдан талдап, олардың адам мен қоғамның рухани дамуына қандай ықпал етіп жатқанын анықтауы керек. Бір жағынан, әлеуметтік практика дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды салыстырып, олардың қоғам мен мәдениетке әсерін терең түсінуге бағытталуы қажет. Бұл құндылықтар арасындағы диалог пен өзара әрекеттесу қоғамның рухани өрлеуіне немесе, керісінше, деградацияға алып келуі мүмкін. Екінші жағынан, дәстүр мен инновацияның тиімді интеграциясына ықпал ету және олардың үйлесімді түрде өмір сүруін қамтамасыз ету қазіргі заманның басты мақсаттарының бірі болуы тиіс. Осы үшін дәстүрлерді сақтап, инновациялық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық құралдарды тиімді пайдалану қажет.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер қоғамдағы цифрлық процестер мен олардың дәстүрлі құндылықтар жүйесіне ықпалын жан-жақты анықтап отыр. Қазіргі әлемде ақпараттық және инновациялық технологиялар дәстүрлі құндылықтардың өзгеруіне, жаңа құндылық жүйелерінің қалыптасуына себеп болуда. Бұл үрдіс әсіресе жас ұрпақтың дүниетанымына, құндылық бағдарларына елеулі әсер етуде, олардың әлемді қабылдау тәсілдеріне өзгерістер енгізуде.

Қазіргі таңда дәстүр мен инновация арасындағы диалогты зерттеп қана қоймай, осы екі құндылық жүйесінің бір-бірімен үйлесімді түрде өзара әрекеттесуін де талдау керек. Бұл орайда дәстүр мен жаңашылдық арасындағы қарама-қайшылықты тек қақтығыс ретінде емес, сондай-ақ өзара байыту, толықтыру процесі ретінде қарастыру керек. Өйткені бұл екі құндылық жүйесі де қоғамның рухани дамуына әртүрлі қырлардан ықпал етіп, оның тұрақты дамуы мен өркендеуіне әсер етеді.

Қорытынды

Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазіргі цифрлық қоғамның дәстүрлі құндылықтар жүйесіне әсер етіп жатқаны, әсіресе, жастардың құндылық бағдарларында нақты байқалды.

Диалектикалық тұрғыдан алғанда, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде дәстүр мен инновация — қарама-қайшылықта емес, бір-бірін толықтырушы әрі жаңа сапаға жетелейтін құндылықтар жүйесінің элементтері екені анықталды. Яғни, дәстүр қоғамның тарихи тәжірибесінің жинақталған көрінісі ретінде тұрақтылықты қамтамасыз етеді, ал инновация — даму мен жаңашылдықтың қозғаушы күші. Олардың өзара әрекеттесуі арқылы қоғамда тепе-теңдік орнап, жаңа құндылықтар қалыптасады.

Аксиологиялық тұрғыдан дәстүр құндылықтардың уақыт сынынан өткен тұрақты жүйесі ретінде маңызды, себебі ол қоғамның рухани тұтастығын және мәдени сабақтастығын сақтайды. Сонымен бірге, инновация жаңа құндылықтарды енгізу арқылы қоғамның дамуына және жаңа моральдық-этикалық негіздердің қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, дәстүр мен инновацияның үйлесімді дамуы қоғамның рухани және мәдени кеңістігін байытуға мүмкіндік береді.

Ал инновация — жаңалықтар мен өзгерістердің қозғаушы күші, ол дәстүрді жанартып, жаңа өмір сүру тәсілдерін, жаңа құндылықтарды алға тартады. Инновацияның философиялық мәні, ол тек жаңалықтарды енгізумен шектелмей, адамзаттың рухани және материалдық дамуын жақсартуға, қоғамды одан әрі жетілдіруге, оған жаңа сапа мен бағдар беруге тырысады. Қазіргі ақпараттық қоғамда инновациялық құндылықтардың дамуы дәстүрлі құндылықтар жүйесінің трансформациясын қажет етеді. Ақпараттық технологиялар, виртуалды шындық, білім мен зияткерлік капиталдың маңызы артып, дәстүр мен инновация арасындағы шекараны айқындап отыр.

Бұл өзгерістердің басты философиялық сұрағы — дәстүр мен инновация арасындағы үйлесім мен тепе-теңдікті қалай сақтауға болады? Қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялардың ықпалы дәстүрлі құндылықтардың негіздерін бұза отырып, жаңаша құндылықтардың пайда болуына себеп болуда. Дегенмен, инновацияның артықшылығы оның әртүрлі жаңа мүмкіндіктерді ұсынуында болса да, ол дәстүрдің рухани қуатын, адамның моральдық бағдарларын ұмытуға алып келмеуі керек. Бұл арада философия дәстүр мен жаңашылдықты үйлесімді түрде біріктірудің жолдарын іздеуге шақырады. Осы үйлесімділік рухани өрлеуге және қоғамның тұрақты дамуына алып келеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дәстүр мен инновация арасындағы диалогтың дұрыс бағытта жүруі маңызды. Бұл диалог бір-бірін жоққа шығармай, керісінше, бір-бірін байытып, толықтырып отыруы тиіс. Дәстүр мен инновация арасындағы философиялық байланыстарды зерттеп, қоғамды тұрақты дамытуға септігін тигізетін әдістер анықталуы тиіс. Бұл тек құндылықтар тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар философиялық тұрғыдан да маңызды.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды. Грант AP19577138 «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Айтымбетов Н.Ы. Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері. Жеке монография / Н.Ы. Айтымбетов. — Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. — 200 б.
- 2 Antony D. Smith. National Identity / D. Antony — L., Penguin Books, 1991. — 227 p.
- 3 Беляев И.А. Ценностное содержание целостного мироотношения / И.А. Беляев // Вестник Оренбургского государственного университета. — 2004. — № 2. — С. 9–13.
- 4 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау / С.Е. Нұрмұратов. — Алматы, 2000. — 178 б.
- 5 Гуревич П.С. Культурология: учеб. / П.С. Гуревич. — 5-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательство «Проспект», 2011. — 448 с.
- 6 Яковлев Е.Г. Эстетика: учеб. пос. / Е.Г. Яковлев. — Москва: КНОРУС, 2011. — 448 с.
- 7 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / Р.К. Кадыржанов; под общ. ред. З.К. Шаукеновой. — Алматы, 2014. — 168 с.
- 8 Малахов В.С. Культурные различия и политические границы в эпоху глобальных миграций / В.С. Малахов. — М.: Ин-т филос. РАН, 2014. — 232 с.
- 9 Olzak S. The dynamics of ethnic competition and conflict / S. Olzak. — Stanford University Press, 1994.
- 10 Нұрмұратов С.Е. Шетел қазақтарының санасы мен менталитетіндегі ерекшеліктер / С.Е. Нұрмұратов // Қазақ диаспорасы бүгінгі мен ертеңі. — 2005. — Б. 5–10.
- 11 Молчан Э.М. Влияние цифровизации на формирование духовно-нравственных ценностей субъектов взаимодействия в эпоху глобализации / Э.М. Молчан // Вестник МГОУ. Серия: Философские науки. — 2019. — № 2. — С. 55–66.
- 12 Мұсатаев С.Ш. Қазақстандық жалпыұлттық идеяның азаматтық қоғам қалыптастырудағы рөлі / С.Ш. Мұсатаев // Саясат. — 2003. — № 10. — Б. 24–27.
- 13 Furnham F. Culture Shock: Psychological Reaction to Unfamiliar Environments / F. Furnham, C. Bochner — N.Y., 1986.
- 14 Фрейд З. Массовая психология и анализ человеческого «Я». Я и оно: хрестоматия по истории психологии / З.Фрейд; под ред. П.Я. Гальперина, А.Н. Ждан. — М.: Изд-во Моск. гос. ун-та, 1980. — С. 170–192.
- 15 Фрейд З. Тотем и табу: психология первобытной культуры и религии / З. Фрейд. — М.: Эксмо, 2018. — 224 с.
- 16 Шакеева Б. Ұлт тұтастығының негізі этносаралық өзара татулықтан бастау алады / Б. Шакеева, Н. Айтымбетов // Әл Фараби. Әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы. — 2020. — № 3 (71). — Б. 129–141.
- 17 Байбаков А.М. Введение в педагогику толерантности: учеб.-метод. пос. для пед. и студ. / А.М. Байбаков. — Волгоград: Изд-во ВГИПК РО, 2002. — 12 с.
- 18 Брубейкер Р. Этничность без групп / Р. Брубейкер. — М., 2012. — 408 с.
- 19 Oakes L. Language and National Identity: Comparing France and Sweden (Impact: Studies in Language and Society) / L. Oakes. — 2001.

М.Б. Сыздыкова, Ж.О. Абикенов

Философский анализ традиционных и инновационных ценностей в южных регионах Казахстана

В статье подробно рассматриваются вопросы интерференции, то есть взаимодействия и интеграции ценностных ориентиров жителей южных регионов Казахстана. Анализируется значение этих процессов в сохранении социальной и культурной стабильности в обществе, а также философские основы, обеспечивающие их гармонизацию. В ходе исследования применялся комплекс философских и социологических методов. Кроме того, дано пояснение сущности понятия «ценность», которое было определено с использованием философских подходов. Ценность — это не просто абстрактное понятие, а одна из ключевых категорий, определяющая культурную основу общества и духовную сущность человека. Она изменяется с течением времени, наполняясь новым содержанием в процессе развития общества. В этом контексте выявлена необходимость анализа потребностей жителей южных регионов Казахстана в области традиционных и инновационных ценностей современного общества. Поэтому была поставлена задача определить гармоничную систему ценностей, соответствующую современному обществу. Это предполагает возможность сохранения традиционных ценностей при принятии инновационных. Для обеспечения такого баланса, во-первых, важно глубокое понимание традиционных ценностей, а во-вторых, развитие критического мышления граждан. Критическое мышление помогает анализировать поток информации, объективно оценивать её, принимать обоснованные решения и строить своё поведение в соответствии с моральными и общечеловеческими ценностями. Это способствует стабильности и развитию общества, а также укреплению универсальных моральных принципов. Результаты исследования показали важность философского осмысления трансформации ценностей. Выявлена роль традиционных ценностей в сохранении стабильности и культурной целостности,

а также определены направления их развития в контексте гармоничного диалога. Сделаны важные выводы, направленные на углубление философского и культурного самопознания общества, а также на достижение равновесия между духовными и инновационными ценностями.

Ключевые слова: ценности, традиции, традиционные ценности, инновационные ценности, информационное общество, информация, виртуальное пространство, ценностная интерференция, молодое поколение.

M.B. Syzdykova, Zh.O. Abikenov

Philosophical analysis of traditional and innovative values in the southern regions of Kazakhstan

The article thoroughly examines the phenomenon of value interference, specifically the interaction and integration of value orientations among the residents of southern regions of Kazakhstan. It highlights the significance of these processes in maintaining social and cultural stability within society and explores the philosophical foundations required to ensure their harmonious coexistence. The study employs a comprehensive approach by integrating philosophical and sociological methods. Moreover, the essence of “value” is explained and defined through philosophical approaches. Value is not merely an abstract concept; it is one of the fundamental categories that determine the cultural foundations of society and the spiritual existence of the individual. It evolves historically and culturally, acquiring new meanings in tandem with societal development. In this context, the study emphasizes the necessity of analyzing the needs for traditional and innovative values among the residents of southern Kazakhstan in the modern era. Consequently, the research sets forth the task of identifying a harmonious value system aligned with contemporary society. This harmony enables individuals to preserve traditional values while embracing innovative ones. To achieve such balance, two key priorities are identified: first, a deep understanding of the profound meanings embedded in traditional values; second, the development of critical thinking among individuals. Critical thinking is essential as it allows members of society to analyze the constant flow of information, make well-reasoned evaluations, adopt informed decisions, and align their behavior with moral and universal human values. This contributes to societal stability and progress while reinforcing universal moral principles. The findings underscore the importance of understanding the transformation of values from a philosophical perspective. The research confirms the critical role of traditional values in preserving stability and cultural integrity while outlining pathways for their development through harmonious dialogue. The study presents key conclusions aimed at deepening the philosophical and cultural self-awareness of society, fostering a balance between spiritual and innovative values, and promoting sustained societal growth.

Keywords: values, traditions, traditional values, innovative values, Information Society, information, virtual space, value interference, the younger generation.

References

- 1 Aytymbetov, N.Y. (2018). *Qazaqstandagy ultyq biregeiliktin qalyptasu erekshelikteri. Zheke monogragia [Features of formation of national identity in Kazakhstan. Individual monograph]*. Almaty: Pilosopiia, saiasattanu zhane dintanu instituty [in Kazakh].
- 2 Smith, A. (1991). *National Identity*. London: Penguin Books.
- 3 Belyaev, I.A. (2004). Cennostnoe sodержanie celostnogo mirootnosheniia [The value content of a holistic world relationship]. *Vestnik Orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of Orenburg State University*, 2, 9–13 [in Russian].
- 4 Nurmuratov, S.E. (2000). Rukhani qunduluqtar alemi: aleumettik filosofialyq taldau [The world of spiritual beings: sociological and philosophical analysis]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Gurevich, P.S. (2011). *Kulturologiia: uchebnik [Culturology: textbook]*. (5th ed, revised and expanded). Moscow: Izdatelstvo “Prospect” [in Russian].
- 6 Yakovlev, E.G. (2011). *Estetika: uchebnoe posobie [Aesthetics: study guide]*. Moscow: KNORUS [in Russian].
- 7 Kadyrzhanov, R.K. (2014). *Etnokulturnyi simvolizm i natsionalnaia identichnost Kazakhstana [Ethnocultural symbolism and national identity of Kazakhstan]*. Z.K. Shaukenova (Ed.). Almaty [in Russian].
- 8 Malakhov, V.S. (2014). *Kulturnye razlichii i politicheskie granitsy v epokhu globalnykh migratsii [Cultural differences and political boundaries in the era of global migrations]*. Moscow: Institut Filosofii Rossiiskoi Akademii Nauk [in Russian].
- 9 Olzak, S. (1994). *The dynamics of ethnic competition and conflict*. Stanford University Press.
- 10 Nurmuratov, S.E. (2005). *Shetel qazaqtarynyn sanasy men mentalitetindegi erekshelikter. Qazaq diasporasy bugini men erten [Peculiarities in the mind and mentality of foreign Kazakhs. Kazakh diaspora today and tomorrow]*. Astana: Elorda [in Kazakh].

- 11 Molchan, E.M. (2019). Vliianie tsifrovizatsii na formirovanie dukhovno-nravstvennykh tsennostei subektov vzaimodeistviia v epokhu globalizatsii [The influence of digitalization on the formation of spiritual and moral values of subjects of interaction in the era of globalization]. *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Seria: Filosofskie nauki — Bulletin of Moscow State Regional University. Series: Philosophical Sciences*, 2, 55–66 [in Russian].
- 12 Musatayev, S.Sh. (2003). Qazaqstandyq zhalpy ulttyq ideianyn azamattuq qogam qaluptastyrudagy roli [The role of the Kazakh national idea in the formation of civil society]. *Saiiasat — Politics*, 24–27 [in Kazakh].
- 13 Furnham, F. & Bochner, C. (1986). *Culture Shock: Psychological Reaction to Unfamiliar Environments*. New York.
- 14 Freud, Z. (1980). *Massovaia psikhologiya i analiz chelovecheskogo «Ya»*. *Ya i ono: khrestomatiia po istorii psikhologii [Mass psychology and analysis of the human “I”. I and it: an anthology on the history of psychology]*. P.Ya. Galperin, A.N. Zhdan (Ed.). Moscow: Izdatelstvo Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta, 170–192 [in Russian].
- 15 Freud, Z. (2018). *Totem i tabu: psikhologiya pervobytnoi kultury i religii [Totem and taboo: psychology of primitive culture and religion]*. Eksmo [in Russian].
- 16 Shakeeva, B., & Aytymbetov, N. (2020). Ult tutastygynyn negizi etnosaralyq ozara tatulyqtan bastau alady [The basis of national integrity is inter-ethnic harmony]. *Al-Farabi, Journal of Socio-Humanitarian Studies*, 3(71), 129–141 [in Kazakh].
- 17 Baibakov, A.M. (2002). *Vvedenie v pedagogiku tolerantnosti [Introduction to pedagogy of tolerance]*. Volgograd: Izdatelstvo Volgogradskogo gosudarstvennogo instituta povysheniia kvalifikatsii rabotnikov obrazovaniia [in Russian].
- 18 Brubaker, R. (2012). *Etnichnost bez grupp [Ethnicity without group]*. Moscow [in Russian].
- 19 Oakes, L. (2001). *Language and National Identity: Comparing France and Sweden (Impact: Studies in Language and Society)*.

Авторлар туралы мәлімет

Сыздыкова Махпал — әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2944-9672>

Әбікенов Жарқынбек — PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-00027950-330X>

Information about the authors

Syzdykova Makhpal — Candidate of Sociological Sciences, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2944-9672>

Abikenov Zharkynbek — PhD, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-00027950-330X>